ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
КАЗАЛИНСКИЙ РАЙОН
АКИМ
ГОРОДА КАЗАЛИНСК

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«17» қаңтар 2025 ж./г.
Қазалы қаласы

№ 03
город Казалинск

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасау арқылы жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 3-тармағының 4,5,6 тармақшаларына және «Мемлкеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтарына сәйкес:

1. Келесі қызметтерді тікелей шарт жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен:

А) 16 баптың 3 тармағының 1-тармақшасымен:

1) Әкімшілік ғимаратын электр энергиясымен қамтамасыз ету қызметіне ақы төлеу және Қазалы қаласының көшелерін жарықтандыру(электроэнергия беру қызметі) бойынша "Кызылорда электр тарату тораптары компаниясы" акционерлік қоғамымен;

2) Әкімшілік ғимаратын ауыз сумен қамтамасыз ету қызметіне ақы төлеу бойынша Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сыр суы филиалымен;

Б) 16 баптың 3 тармағының 25-тармақшасымен:

1) Мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтері бойынша "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамымен;

2) Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты қалыптастыру қызметі бойынша "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынымен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

001506

2. Қазалы қаласы әкімі аппаратының есепші-статисті С.Нагашыбаеваға мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасау бойынша барлық қажетті іс қимылдарды орындасын.

3 Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

4. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Қазалы қаласы әкімінің
міндетін атқарушы **У. Ықыласов**